

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Ш.Ш. Онтуганова *, А. Жапбаров*

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

* email: shynara_777_777@mail.ru

Логикалық дұрыс ойлап, түсіну арқылы ғана біз айналамыздағы заттардың себеп-салдарлы байланыстарын, бір-біріне тәуелділігі, шығу тегі мен даму жолын ажыратамыз. Логикалық дұрыс ойлану үдерісі оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сын тұрғысынан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады. Логика ойлау үдерісі - дүниені ғылыми тұрғыдан танып-білудің нәтижесі, сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың адам миында жатталып қалуы, сол бейненің дұрыс формалары мен заңдарын, ережелерін қарастыруы. Ойлаудың логикалық әдістері балалар мектепке келгеннен күннен бастап өздігінен қалыптаса алмайды, ол үшін мұғалім логикалық білім мен дағдылардың негізін қалауы керек, балалардың жас мүмкіндіктерін ескере отырып, әрбір іс-әрекетті, амалдардың сипаттай отыра, материалды пысықтау керек. Сол себепті оқытуда логикалық тапсырмаларды көптеп пайдалану сапалы оқытудың маңызды факторы болып табылады. Ал логикалық амал-тәсілдерін, ойлау формаларын, ұғым, пайым, пікірді ой қорытындылары бойынша бастауыш мектеп оқушыларына игерту бастауыш мектеп бағдарламасында қарастырылған. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру әдісі ретінде бастауыштағы негізгі пәндер бойынша тапсырмалар жүйесін орындау үшін педагогикалық алғышарттар, логикалық ұғымдарды практикалық тұрғыдан зерттеу дағдылары мен құралдары қарастырылады.

Түйін сөздер: логикалық амалдар, тіл дамыту, ойлау, ұғым, пайым.

Кіріспе

Тәрбиенің сан салалы, күрделі мәселелерін терең бойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы – бастауыш мектеп. Бастауыш саты білім, дағды іскерліктің қалыптасу бастамасы болып табылады. Бастауыш сыныптың негізгі міндеті жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады.

Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Жаңалықтың ену қажеттілігі білім алуға мұқтаждықтан пайда болады.

Логикалық дұрыс ойлап, түсіну арқылы ғана біз айналамыздағы заттардың себеп-салдарлы байланыстарын, бір-біріне тәуелділігі, шығу тегі мен даму жолын ажыратамыз. Яғни, логикалық дұрыс ойлану үдерісі оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сын тұрғысынан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады. Сол себепті оқытуда логикалық тапсырмаларды көптеп пайдалану сапалы оқытудың маңызды факторы болып табылады.

Логика ойлау үдерісі ең алдымен дүниені танып-білудің нәтижесі, сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың ой-санада бейнеленуі деп қарап, сол бейнеленудің дұрыс формалары мен заңдарын, ережелерін қарастырады. Сондықтан логикаға: «Логика дегеніміз – ойлауды дұрыс құрудың заңдары мен формалары, ережелері туралы философиялық ғылым», - деген анықтама беріледі [1].

Логикалық білімдер ойлаудың логикалық амалдары мен қалыптары, тәсілдері, ғылыми танымның жалпы әдістері, ғылым негіздерінің табиғаты туралы білімдер жиынтығы деп түсініледі [2]. Бұларсыз оқыту үдерісінде оқушылардың оқу-танымдық қызметін көзге елестетудің өзі қиын.

Жалпы осы тұста логиканың шығу тарихына тоқталып өтетін болсақ, ежелгі грек философы Аристотель (384-322 жж б.э.д.) логиканың негізін салушы, оның атасы болып саналады. Бірақ та логика мәселелері оған дейін көп уақыт бұрын туындаған. Мұнда біз Парменид, Демокритті атамасақ

болмайды. Сонымен қатар, Сократтың ең талантты шәкірті Платон таным теориясы мен логика мәселелеріне, атап айтсақ, ұғымдарды бөлу мен пайымдаулар теориясына зор көңіл бөлген.

Логиканың орта ғасыр дәуірінде дамуы батыс араб тілді философтар Ибн-Сина, Әл-Фараби және Ибн Рушд есімдерімен байланысты. Жаңа уақыт дәуірінде ағылшын философы Френсис Бэкон логиканың дамуына зор үлес қосты. Ол өзінің логикасын аристотельдік логикаға қарсы қойып, басты туындысын «Жаңа органон» деп атады. Оның басты еңбегі – өз дәуірі талаптарына едәуір нақты жауап беретін индуктивтік логиканы жасауымен құнды [1].

Индуктивті логиканы кейінірек Джон Стюарт Милль жүйелеп дамытты және ол ғылыми танымның дамуына мәнді ықпал етті. Логикалық зерттеулерде соны төңкеріс жасаған қадам XIX ғасырдың екінші жартысындағы математикалық немесе символикалық логиканың дүниеге келуі болды.

Математикалық логика құру идеясын неміс философ-математигі Г.В.Лейбниц алғаш рет XVII ғасырда көтеріп, шын мәнінде оның бастаушысы болған. Логика тек XIX-XX ғасырда Д.Буль, Э.Шредер, С.Джеванс, П.С.Порецкий, Г.Фреге, Б.Рассел және тағы басқа еңбектерінде жоғарғы қарқынмен дамытты. Осылайша логикалық зерттеулер дамуының жаңа кезеңі ашылды.

Білім ақылмен алынғандықтан, логика дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым ретінде де анықталады. Ойлау тілде дәлелдеу және теріске шығару болып табылатын дәлелдеу түрінде рәсімделгендіктен, логика кейде ойлау әдістері туралы ғылым немесе дәлелдеу мен теріске шығару әдістері туралы ғылым ретінде анықталады. Логика ғылым ретінде таным процесінде шындыққа жетудің әдістерін сезімдік тәжірибеден емес, ертерек алынған білімнен жанама түрде зерттейді, сондықтан оны қорытынды білімді алу әдістері туралы ғылым деп те анықтауға болады. Оқыту барысында логика элементтерін үйрету ойлау формаларымен байланысты. Жалпы оқытудың мақсаттарының бірі – оқушыларға саналы, жүйелі және баянды білім беру. Ал білім нәрселер мен құбылыстардың елеулі белгілері мен олардың байланыстары туралы ғылым тағайындайтын ұғымдардан құралады. Ф.Энгельстің анықтауынша ұғым мен қимылдың өзі ойлау [3].

Сонымен, логикадағы мәселелерге жасалған қысқаша шолудан, оның даму тарихынан ойланатын тіршілік иесі ретінде логика ғылымының білімі кез келген адамға аса қажет деген тұжырым жасауға болады.

Материалдар мен әдістер

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға бірдей стандартына, оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес және «шиыршық» қағидаты негізінде әзірленген оқыту бағдарламасының қолданылуынан алынған кейбір фрагменттер бастауыш сыныптағы пәндерді теориялық деңгейде оқытудың заман талабына үндесетінін, оқушылардың даму дәрежесіне осындай бағытты қажет ететінін айқын көрсетеді. Оқыту бағдарламасында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуде сабақ түрі, оның құрылымы мен қолданылатын әдіс-тәсілдердің үйлесімді болуын қатаң қадағалау үлкен рөл атқарады.

Оқушылардың ақыл-ой белсенділігін дамыту мектепте оқытылатын пәндік білімдерді және олардың идеялық-ғылыми мазмұнын меңгеру үдерісінде жүзеге асырылады. Дегенмен оқу үдерісінде қолданылатын логикалық тәсілдер мен қалыптар, ғылыми танымның амалдары мен тәсілдері жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламалары және оқу құралдарынан жеткілікті орын таппай отыр. Мұндай жағдайлардың орын алуының басты себебі, мектепте оқытылатын пәндердің ғылыми теориялық деңгейін көтеруді мақсат ете отырып, теорияның ара салмағын арттыруға басты назар аударылады да, нәтижеде ғылыми теориялық таным логикасы, тәжірибелік әдістер мен амалдар назардан тыс қалып қоюында болса керек. Білімдерді меңгеру кезінде оқушылардың ақыл-ой белсенділігін өрістетуге оқушылар жеке басы тәжірибелік іс-әрекеті дамуының маңызды көзі болып табылады.

Пәндік білімдерді оқыту барысында оқушылардың логикалық білімдерді өздігінен ұғынуы қиынға соғады. Сондықтан оқушыларды ғылыми танымның әдістерімен, логикалық ойлау амалдары және тәсілдерімен таныстырудың жолдарын анықтауды қажет етеді. Бұл мәселелердің маңыздылығы мен оны шешудің қажеттігі туралы Д.В.Вилькеев, П.Я.Гальперин, Л.Я.Зорина, Ж.Икрамов, Р.Г.Лемберг, И.Я.Лернер, В.П.Паламарчук, П.И.Пидкасистый, А.В.Усова, С.А.Шаноринский,

С.И.Якиманский және отандық ғалым Д.Рахымбек, А.Жапбаров ерекше атап өткен [4.13]. Атап айтсақ, танымал ғалым-әдіскер Д.Рахымбек, А.Жапбаров, Н.Оразахынова т.б. еңбектерінде ойлау іс-әрекетінің танымдық қызметін жүзеге асыратын бақылау, талдау, жинақтау, топтастыру, салыстыру, абстракциялауға т.б. ерекше назар аударылған. Ғалым Н.Оразахынова сөздердің талдау сатыларын қарастырады [5], Д.Рахымбек бақылауды жоспар бойынша ұйымдастыруды және салыстыруды жүйелі түрде қолдану білімді тереңдетіп әрі тиянақтап қана қоймай, оқушылардың ойлауын дамытатынын айтады [6]. Профессор А.Жапбаров оқушылардың өтілген материалдарды талдауды игерумен қатар жинақтау амалдарына жаттықтырылмайынша толыққанды білімге қол жеткіздіруге болмайтынын айтады [4.20]. Алайда, бастауыш мектеп оқушыларын ғылыми таным әдістерімен, логикалық ойлау амалдарымен таныстыру дидактикада жеткілікті талданып, тиісті шешімін таба қойған жоқ.

Баланың танымдық-логикалық ойын, сөздік қорын байыту, ойлау мен сөйлеу түрлеріне тапсырмалар логиканың ұғым, пайым, ой қорытындыларын (логиканың негізгі формалары) игерумен байланысты. Жарамды шегерімдер жасау мүмкіндігі ғылыми ойлау, гипотезалар құру және бағалау, сондай-ақ математикалық ойлау (Мошман, 1990, Марковитс және Лорти-Форгес, 2011) жетістікке жету үшін маңызды болып саналады (Nunes, 2007; Morsanyi және Szűcs, 2014). Кромби (1994) математикалық дедукцияны Kind және Osborne (2017) ұсынған ғылыми білім берудің негізі ретінде ғылыми пайымдау алты стилінің бірі ретінде алға тартады. Шынында да, дедуктивті ойлау математикада ойлау үшін маңызды рөл атқарып қана қоймайды, сонымен қатар ғылыми болжамдарды ғылыми теориялар шеңберіндегі орталық жорамалдардан қорытынды ретінде шығарудың немесе жалпы ғылыми принциптерге негізделген эксперименттен қорытынды шығарудың негізгі әдісі болып табылады [7].

Бүгінгі күні көкейкесті мәселе болып отырған оқыту жағдайында сабақ мақсаттары оқушының танымдық белсенділігін арттыруды көздейді. Ойлаудың логикалық әдістері балалар мектепке келгеннен бастап танымдық даму деңгейінде өздігінен қалыптаса алмайды. Мұғалім логикалық білім мен дағдылардың негізін қалауы керек (Р.Валеева және К.Шакирова, 2015). Балалардың жас мүмкіндіктерін ескере отырып, әр іс-әрекетті, амалдарды міндетті түрде айтылуымен материалды пысықтау керек [8; 442].

Қазіргі кезде логика мектепте жеке пән ретінде оқытылмайды. Оқушыларды логикалық білімдерге үйрету барлық пәндерді оқыту барысында жүзеге асыру көзделген. Мектеп пәніне логика элементтерін енгізу және оқыту мәселелері көптеген ғалымдардың назарын аударған болатын. Логикалық білімді оқытуға енгізудегі алғашқы зерттеулер математикалық білім беруге байланысты болды. Мысалы, Н.Н.Никитин, К.А.Рупасов, Ж.Икрамов, Д.Рахымбек, А.И.Фетисов, Ф.Ф.Притуло, В.В.Репьев, В.М.Брадис формальды логика элементтерін енгізу жағын қолдаушылар болса, И.Б.Юдина, И.Л.Никольская, М.П.Маланюк, Л.С.Оксман, А.Н.Колмогоров, А.И.Маркушевич, А.А.Столяр, А.Д.Семущин, М.Е.Драпкина логика элементтерін оқытуды ұсынады, ал келесі үшінші топ Р.А.Хабиб, М.Н.Алексеев диалектикалық логика элементтерін оқытуды жақтайды.

Қазіргі оқыту үдерісінде оқушылардың бар ынта-жігері мен күші негізінен оқытудың пәндік мазмұнына аударылады да ғылыми білімдердің логика мен амалдық жағы назардан тыс қалып қояды, нәтижеде пәндік білім жүйесі оқушыларда жеткілікті дәрежеде меңгерілмейді [9; 54]. Оқыту: білімдік, танымдық және дамытушылық қызметтер атқарады. Білімдік қызметте оқытылатын пәнге байланысты білім, іскерлік және дағды қалыптасса, танымдық қызметте ғылыми таным жолдарын, көздерін, әдістерін игеру жүзеге асырылады. Ал оқытудың дамытушылық қызметі білімді игеру үдерісіндегі оқушылардың ақыл-ой іс-әрекеті арқылы сөйлеуге жаттығу мен тіл арқылы қарым-қатынасқа баулу болып табылады [10; 448]. Яғни, мектепте оқыту арқылы сөйлей білуге, оқушылар қарастырылатын мәселені талдауға, жалпылауға, нақтылауға, қажетті және жеткіліктілікті шарттарды көрсете білуге, ұғымдарды анықтауға, пайымдаулар құруға, ой қорытулар жасауға, дәлелдеуге тағы басқа үйретіледі, яғни іс жүзінде әрбір қадам сайын логикалық танымдық білімге сүйенеді. Өз бетінше білім алуы үшін, оқушы өз танымдық қызметі нысанының мәнін ұғынып, оның іс-әрекет жолдарын игеруіне тура келеді. Сол себепті оқушыларды жаңа білімді игеруде инновациялық технологияларда меңгертудің жолдары мен құралдарын үйрету қажеттігі туындайды. Оның бірі - оқытуда логикалық амалдар арқылы оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

Бастауыш сыныптарды оқытуда оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру - біздің зерттеу жұмысымыздың басты міндеттерінің бірі, осыған байланысты біз арнайы зерттеу мен игеру тақырыбы болып табылатын мәселелердің шешімдерін табу мәселелерін қарастыратын боламыз.

Бірқатар әдістемелік зерттеулерді талдау арқылы мектепте оқытуда логикалық білім мен дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыстың жалпы әдіснамалық принциптерін анықтадық.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, біз логикалық дайындықты ұйымдастыратын мына қағидаларды анықтадық:

- бастауыш сынып оқушыларының логикалық дайындығында олардың жас ерекшеліктерін ескеріп, осы жасқа сәйкес әдістемені қолдану қажет. Балаларға заттарды салыстыруды, анықтамаларды құруды, қарапайым қорытындылар мен дәлелдемелер жүргізуді түсіндіруге мүмкіндік беретін әдістерді қолдану қажет.

- бастауыш сынып оқушылары арасында логикалық ойлауды дамытуға бағытталған жұмыс мақсатты және жүйелі түрде жүргізілуі керек. Ол бағдарламаның түрлі тақырыптары бойынша біртіндеп және жүйелі түрде жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде жалпы логикалық дағдылардың біртіндеп қалыптасуын қамтамасыз етеді және ойлаудың анағұрлым күрделі логикалық формаларын дамытуға негіз қалайды.

- бастауыш сыныптарға арналған пәндер бөлімдерін зерттеу белгілі бір логикалық білім мен дағдыларсыз мүмкін емес. Сондықтан логикалық ұғымдар мен әрекеттер болуы керек.

Оқушылар алға қойылған мәселені шешу, ақыл-ой қызметінің ерекше күшін қажет ететінін айту керек, бірақ сол қажетті ақыл-ой қызметіне дағдыландыру негізгі мәселе болмақ. Зерттеулердің нәтижелері ойлаудың дамуын қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі оқушының ойлау белсенділігін күшейтетін проблемалық жағдай туғызатын міндеттерді алдын-ала қою екенін көрсетіп отыр. Осы тұста «проблемалық жағдаяттың» бізге не себепті қажеттігі туындады деген сұрақтар қойылуы мүмкін. Себебі «Ойлау процесі әрқашан адам қандай да бір интеллектуалды қиындыққа тап болған кезде пайда болады» (Гальперин, 1985) [11]. Проблемалық жағдаят - бұл «субъект жүзеге асыратын қиындық және ол оны жою әдісін тапқысы келеді» (Фридман, 1977) [12]. Проблемалық жағдаятты талдау дегеніміз – оқушының дербес, танымдық қызметінің бірінші кезеңі. Жағдаятты ұғыну оқушыны пайда болған интеллектуалдық шындықтың себебін нақты және не екенін түсінуге, санада «бұл не нәрсе?» деген сұрақтың пайда болуына алып келеді.

Оқушының оқу әрекетінде мәселе жағдаяттардың көпшілігін талдау барысын анықтау тәжірибелік жақтан мүмкін емес десе де болады, өйткені бұл – іштей күрделі психикалық құбылыс. Мұғалім оқушының ойлау барысын тек қана сыртқы көрсеткіштері - оның сөздік әрекеті (сұрақтар мен жауаптары, тұжырымдауы) мен эмоциялық күйі (аңтарылыс пен алаңдауы, зейін жинақтылығы мен таңырқауды, ғажаптануды т.б.білдіруі) бойынша қадағалай алады.

Егер оқушы мұғалімге сұрақ берсе, онда бұл мынаны білдіруі мүмкін: а) жағдаятты талдау болған жоқ, сондықтан оқушы пайда болған қиындықтан шығар жолды көре алмай отыр; ә) жағдаятты талдау нені білу талап етіледі? деген сұрақтың пайда болуына алып келген жоқ және оқушы мәселені өздігінен тұжырымдай алмайды; б) оқушы мәселені тұжырымдады, бірақ оны шешу жолдарын аңғармады. Бірақ мәселелік жағдаят көбінесе оны мұғалімнің тұжырымдауы нәтижесінде пайда болады. Бұл жағдайда оқушы, әдетте, мәселені ұғынып, қабылдайды. Соңынан оны толық талдау мен шешу жолдарын іздестіре бастайды.

Келесі бір мәселе – оқушыларға тапсырманы беру барысында алдына дұрыс болжам қоя білу дағдыларын үйрету. Оқушы алдына оның өзі шешуі тиіс мәселе қойылғаннан бастап-ақ оның өзгере бастайтыны аңғару сырт көзге де қиын емес. Бұл сәтте адамның миы алға қойылған мәселені шешуге байланысты түрлі тәсілдерді құрастыра бастайды, түрлі болжамдар жасай бастайды. Оқушылар іздену-зерттеу жобасының мәселесін айқындаған соң, енді оны шешу жолдарын іздестіреді. Бұл кезең мәселені шешу кезеңіне өту жолдары, яғни ойлану үдерісі кезеңі деп аталады. Гегельдің мынадай пікірі бар: «Объектіні шынымен танып-білу үшін, ой таңқаларлық деңгейден жоғары көтерілуі керек».

Болжам - ойлану үдерісінің аса маңызды және шарықтау шегі болып келеді. Сондықтан оқушылардың танымдық қабілеттерін қалыптастыруда оларға болжам жасай білуге баулудың да рөлі үлкен болып табылады. Осындай сәтте оқушының ойлау ерекшелігі өзіне де, оқытушыға да байқала бастайды. Оның шешімге келе алуы, ерік күші немесе оларға кері қасиеттері де ашыла бастайды. Өйткені болжам логикалық ойтолғаулар жасау қызметінің нәтижесінде ғана жасалады. Болжам жасаудың ағынын біз күнделікті өмірде кішкентей сәбилердің, жас балалардың сөздерінен де көріп жүрміз. Бірақ оған мән бере бермейміз. Ал шындығында, өмірге енде қадам басып, таным қызметі белсенді жүріп жататын субъектілер –

балалар екеніне назар аударылмайды. Мәселе балалардың қандай болжам жасағанында емес, олардың болжамды қалай жасайтынына ерекше қарау керек.

Әрине, оқушылар үшін ғылыми болжам жасау оңай емес. Дегенмен, оқушылардың логикалық ойлауын ойдағыдай дамыту үшін оларды шешуде мектеп оқушылары проблемалық жағдаяттармен кездесетін және оларды шешетін міндеттер жүйесі қажет.

Проблемалық жағдаяттар жүйесін құру үшін келесілерді қарастыратын боламыз:

- 1) проблемалық жағдаяттар жүйесі барлық зерттелген тақырыпты қамтып отыруы керек;
- 2) белгісіз ретінде әр проблемалық жағдайда тек бір ғана ассимиляцияланған қатынас әрекет етуі керек;
- 3) проблемалық жағдаяттар жүйесінде тақырыпты меңгерудің түрлі кезеңдерінде алуан маңызды жағдайлар әрқалай дидактикалық қызметтерді атқаруы керек;
- 4) проблемалық жағдайлар әр оқушының оқу процесінде жүзеге асыруы тиіс дәйекті қадамдарды құруы керек;
- 5) проблемалық жағдаяттар жүйесін дамыта отырып, алдымен үйренуге тиісті білім мен іс-әрекеттің негізгі бірліктерін анықтап, оларды жалпылау дәрежесін және оңтайлы дәйектілігін анықтау қажет.

Зерттеудің нәтижелері

Оқушылардың ойлау жүйесін жетілдіріп, тапқырлық танытуға құштар ететін, балғын жастың тапқырлық қабілетін дамытуды және логика элементтерін қолдану проблемасына көптеп ден қойсақ, оқу мақсатына жету анағұрлым оңайға түсетіні анық. Көптеген тәжірибелер логикалық ойлаудың негіздерін кішкентай балалармен жұмыс барысында, қажетті дағдыларды дамыту мақсатында білім берудің ерте кезеңінен дамытуға болатынын көрсетіп отыр.

Бастауыш мектеп оқушыларына логикалық амал-тәсілдер арқылы ойы мен тілін дамыта оқыту арқылы, логиканың амал-тәсілдері: ұғым, пайым, ой қорытындысы, индукция, дедукция тағы басқаларды қолдану арқылы байланыстырып сөйлеу қатысымдық ұстаным негізінде түзіліп, біртұтас жүйе ретінде өзара сабақтастықта іске асырылса, балалардың жас ерекшеліктері мен кіші жастағы оқушылар кезеңіндегі психологиялық ерекшеліктері ұлттық психологияға негізделіп ойы мен тілін дамыту басты талап ретінде ескерілсе, балалардың болашақ дамуына оң ықпал ететін тілдік дағдыларды дұрыс та нәтижелі қалыптастыруға болады.

Бастауыш сатыда логикалық амал-тәсілдер арқылы оқушылардың ойы мен тілін дамытуда оқытуда жүргізіліп жүрген жұмыстарды анықтау мақсатында алдымен бастауыш сынып мұғалімдерімен сұхбаттасу, әңгіме жүргізуді ұйғардық. Сұхбаттасуға 10 бастауыш сынып мұғалімі қатысты. «Оқыту барысында оқушылардың тілін және логикалық, теориялық ойлауын дамыту үшін қандай жұмыс түрлерін жүргізесіздер? Қандай тапсырмалар қолданасыздар?» деген сұраққа мұғалімдердің жауабы мардымсыз болды. Логикалық, теориялық ойлау ұғымымен олар алғаш рет танысып отырғандығын жасырмады.

Жалпы біздің зерттеу жұмысымыз оқушының қосымша білім берудің негізі болып табылатын бастапқы логикалық білімі мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Ал бастауыш мектеп оқушыларында логикалық білім мен дағдыларды қалыптастыруымыз үшін әртүрлі деңгейдегі абстракциялық материалдарды қамтитын түрлі оқу құралдарын қолдануымыз керек. Яғни, сызба кестелер, диаграммалар, анаграммалар, танымдық жаттығулар, жұмбақтар, оқыта-үйрету ойындарын т.б. қолдануға болады. Логикалық ойлауды түрлі материалдар негізінде қалыптастыруды және мүмкіндігінше ертерек бастау керек. Біз оқушылардың логикалық ойлау қабілеті мен тілін дамытуға арналған тапсырмаларды іріктеуге мынадай әдістемелік талаптарды басшылыққа алдық:

- Тапсырма оқушының танымдық қабілетін дамытуға бағытталуы тиіс.
- Қызығушылық туғызып, өз бетімен ізденуге жағдай жасауы керек.
- Оқушы қиялын дамытатын сипатта болуы қажет.

Бастауыш білім беру процесінде бастауыш мектеп оқушыларында логикалық ойлауды қалыптастыру және дамытудың бір көзі – пропедевтік (түсіндіру, итермелеу) жаттығулар жүйесі. Алайда, бұл тапсырмалар оқушылардың ақыл-ой әрекеті оларды жүзеге асыру барысында мұғалім тарапынан дұрыс басқарылып, қадағаланған кезде ғана логикалық ойлауды дамытудың құралына айналады (Hudson B., 2015, Henderson S. and Rodrigues S. 2008) [13,14].

Тапсырмаларға қойылатын әдістемелік талаптарды айқындап алған соң, осы талаптарды басшылыққа алып тапсырмалар әзірлеп, тізбектелген сабақтар топтамасында жүзеге асырып көруді шештік.

Осыдан соң арнайы әзірленген тапсырмалар арқылы 3 - сынып оқушыларының ұғымдарды меңгеру, пайымдау, ой қорытынды жасау қабілеттерін анықтау іске асырылды. Оқушылардың 42,3%-ы бағдарлама талаптарына сәйкес ұғым жасай алатынын, 22,5%-ы пайым жасай алатынын, 38.9%-ы ой тұжырым (қорытынды) жасай алмайтындығын байқатты.

Мұндай кемшіліктердің орнын толтыру үшін дәстүрлі мектептің жүйесінен шығып, дамудың жаңа белесіне көтерілу қажеттігі туындады.

Қазіргі уақытта мектепте логика жеке пән ретінде оқытылмайтынын жоғарыда айтып өттік. 1940 жылдары логика мектепте жеке пән ретінде зерттелген. Алайда, практика көрсеткендей логиканы классикалық түрде бөлек зерттеу басқа мектеп пәндерінен окшауланғандықтан орынсыз болып шықты, сонымен қатар оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыру мәселесін бір жерге шоғырландыру мүмкін емес. Өйткені, негізгі логикалық дағдылар барлық пәндерді оқу барысында көрінеді. Сол себепті біз оқушыларда қазақ тілі пәнімен қатар, бастауыштағы негізгі пәндер «Математика», «Жаратылыстану», «Дүниетану» пәндерін оқу барысында тілдік материалдармен жұмыс жүргізуіне мүмкіндік жасадық.

Біз қазақ мектептеріндегі бастауыш сынып оқушыларына білім беруде біз ұсынатын тапсырмалар олардың тұтас ойлау қабілетін мен тілін дамыта алатынына көз жеткізу үшін келесі үлгідегі тапсырмаларды ұсындық:

1 - тапсырма

Жазғы демалысын Маржан ауылда өткізді. Сабақ басталғалы әжесін қатты сағынып жүр. Ал әжесі болса ауылда. Әжесінің қал-жағдайын білу үшін ауылға телефон шалды.

Ол әжесімен сөйлесу барысында амандасу, алғыс айту, қоштасу, өтініш айтуға байланысты қандай сөздер қолданғандығы жөнінде әңгімеле.

2 - тапсырма

Хайуанаттар бағынан көрген қызықтарыңды айтып, досыңа хат жаз. «Дүниетану» пәнінде берілген аңдар, құстар туралы мәліметтерді пайдалануыңа болады.

3 - тапсырма

Сені анаң базарға жұмсады. Сен жүзім, қызанақ, алма, картоп, сүт, айран, сүзбе, қияр, өрік сатып алуың керек. Ұмытпай және тез тауып алу үшін оларды топтастырып, кесте құрастыр. Ішінен бір көкөністі сипаттап көр.

4 - тапсырма

Оқушылар хайуанаттар бағына саяхат жасады. Мұғалім осы көргендері бойынша қабырға газетіне мақала дайындау туралы тапсырма берді. Сен де төмендегі жоспарды басшылыққа алып, мақала жаз.

1. Хайуанаттар бағына саяхат.

2. Хайуанаттар бағындағы қызықтар.

3. Саяхаттың әсері.

5 - тапсырма

Анаң сені дүкеннен шомыр сатып әкелуге жіберді. Сен бұл көкөністің атын жол-жөнекей ұмытып қалдың. Қайткен күнде де кері қайтпай, көкөністі сатып алуың керек.

Ол үшін сатушыға бұл көкөністі сипаттап бер: оның түрі, түсі, дәмі қандай, одан не жасауға болады?

6 - тапсырма

Наурыз мерекесі неліктен көктемде тойланады?

Сұрағыңа жауап бере отырып, пайымдау мәтінін құрастыр. Өзіңнің жазғаның мен досың жазған мәтінді салыстыр. Олардың ұқсастығы мен өзгешелігін ажырат.

Бұл тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жеңіл түрде қорытынды жасай келе, логикалық білім мен ойлау дағдыларын қалыптастырады, пәндік білімдерін қолдана отырып ойын тұжырымдауға, заттарды белгілеріне қарап топтастыруды, сонымен қатар түрлі формадағы тапсырмаларды (кесте, сурет, сызба) түсініп, олармен жұмыс жасауды жүзеге асырады. Сонымен қатар, бөл тапсырмалар оқушының өз бетінше іздену қызметін жандандырып, өзін-өзі тексеріп, басқарып отыруына мүмкіндік жасайды. Яғни, тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың тілі және логикалық ойлау қабілеттері дамиды.

1 – кесте. Оқушылардың берілген тапсырмаларды орындау нәтижелері

Тапсырма	3 - сынып оқушылары			
	Қатысқаны	%	Орындағаны	%
№1	27	100 %	15	55,6 %
№2	27	100 %	17	62,9 %
№3	27	100 %	18	66,7 %
№4	27	100 %	16	59,3 %
№5	27	100 %	15	55,6 %
№6	27	100 %	14	51,9 %

Нәтижені талдау. Талқылау

Осындай тапсырмалармен жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың бастауыш сыныптағы алған білімдерін, қалыптасқан дағдыларын байқауға болатынына көз жеткіздік. Арнайы әзірленген тапсырмалар арқылы оқушыларда логиканың негізгі амалдары - ұғым, пайым, ой қорытында жасау дағдыларын қалыптастыруға болатынын және алдында анықталған нәтижеден гөрі оқушылардың қызығушылығы едәуір артқандығы анықталды. 1 - кестедегі нәтиже бойынша зерттеу жұмысымызда оқушылардан арнайы тапсырмалар алып, әзірлеген тапсырмаларымызды қолдану арқылы олардың тиімділігі мен қажеттігіне көз жеткізіп отырмыз. Зерттеу жұмысымыз бастауыш мектеп 3 - сыныбының 27 оқушысына ұйымдастырылды.

Эмпирикалық әдістерді, яғни әдебиеттермен танысу, талдау, қолдау барысында зерттеу тақырыбы бойынша әдістемелік тұрғыдағы әдебиеттер талданып, соның негізінде мәселелер мен негізгі бағыттар анықталды. Сонымен қатар эмпирикалық әдістің қатарына жататын нормативтік-әдістемелік құжаттарды талдау, оқушыға байланысты оқу материалдарымен толық танысу және талдау жүргізілді.

Танысу мен талдау нәтижесінде бастауыш мектеп оқушыларына арнап тапсырмалар жүйесін, логикалық, зерттеушілік тапсырмалар жинағын шығару және ойлаудың жаңа деңгейіне шығуға жаңа мүмкіндік беретін тілдік-танымдық талдау әдістерін үйретілуді көздеу қажеттігі байқалып отыр.

Негізі адамның білімі ғана емес, оның ортада тіл табыса еңбек етуге бейімділігі мен өз көзқарасын дұрыс жеткізе білуі үлкен маңызға ие болып отырған жаңа заман жас ұрпақтың бойындағы батылдықты, алғырлықты, қарым-қатынас әдебін ерекше бағалайды. Нәтижесінде бастауыш сатыдағы пәндердің білім мазмұнының дамыта оқыту логикасына негізделуінің қажеттігі оқушылардың теориялық, интеллектуалдық ойлауын дамытудан, өмірлік дағдыларын жетілдіруден туындайды деген түйін жасалды.

Тапсырмаларымызға керекті жабдықтарды жинақтауда біз әдістемелік, психологиялық-педагогикалық және жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптарына арналған «Қазақ тілі» (Ө.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т. Сәдуақас) [15], «Математика» (Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж. Мыңжасарова, Т.В. Лихобабенко.) [16], «Жаратылыстану» (Т.А. Андриянова, В.Н. Беркало, Н.Ш. Жакупова, С.Н. Кузнецова, А.В. Полежаева.) [17] оқулықтарын талдап, тәжірибелік оқытудың теориялық негіздерін анықтадық.

Сөйлеудің барлық формалары үйренушілерді тұрақтандырудың бір шарты болды. Оқушылардың пән қажеттілігін сезінуіне ықпал ететін әдісті таңдауда біз тілді оқыту әдістемесінде өзіндік із қалдырған әдіскер-ғалым Қ.Басымовтың «Өтілетін тақырыптың беретін пайдасына үйренушілердің көздері жеткізілуі керек» деген пікірін басшылыққа алып отырмыз. Оқушылардың шын мәнінде әрі тірлік, әрі танымдық қабілеттерін дамытуда оларға ұсынылатын тапсырмалардың мәтіндерін іріктеуге ден қойдық. Бұл бағыттағы жұмыстар оқушылардың білім деңгейі талаптарына сәйкестенетін іріктеудің өлшем бірліктерін айқындаудан басталады [18]. К.П.Маланюк зерттеулері сыныптардағы математика, ана тілі, дүниетану сабақтарын оқыту үдерісінде де оқушылардың логикалық дайындығын көтерудің мүмкіндіктері мол екендігін дәлелдеді [19]. Мектеп математика курсына сол пән бойынша логика элементтерін енгізуді алғашқылардың бірі болып зерттеуші А.А.Столяр оқыту үдерісінде логикалық материалдардың мәнін кеміту оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға игі әсерін тигізетін математика пәнінің тиімділігі дәрежесі төмендейтіндігін дәлелдейді.

Жалпы алғанда біз оқытуда логикалық өрескел қателерді табу, ұғымдарға анықтама беру, сөйлемдердің логикалық формасын айыра алу, логикалық салдар, сөздердің мағынасын айқын түсіне алу сияқты тұжырымдарды да негізге алдық [20].

Қорытынды

Қазіргі логика тәжірибе сұранысына жауап беретін және қоршаған ортаның күрделілігі мен алуан түрлілігін бейнелейтін дербес «логикалар» жиынын қамтитын күрделі, жоғары дамыған білімдік жүйесін көрсетеді. Логикадағы қысқаша жасалған шолудан, оның даму тарихынан ойланатын тіршілік иесі ретінде логика ғылымының білімі кез келген адамға аса қажет деген тұжырым жасауға болады.

Жаңа мазмұнға жаңашыл әдістер қажет. Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде оқыту үдерісінде жаңа әдіс-тәсілдер өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Оқыту әдістемесі ғылымын жаңа арналармен байланыстыру арқылы жаңарту, әдістеменің теориялық құндылығын арттыру, сол арқылы тілді меңгерту, ойды дамыту үдерісін сапалы деңгейде, философиялық, логикалық, психологиялық, физиологиялық тағы басқа ілім мәліметтерімен де байытылуы керектігі теориялық тұрғыда негізделіп отыр.

Біз алдағы уақытты бастауыш сынып оқушыларының логикалық әдіс-тәсілдер арқылы тілі мен ойын дамытудың теориялық негіздері мен логикалық әдіс-тәсілдерді қолданудағы сабақ түрлері жаңа тиімді технологияларды анықтап, тәжірибелік эксперимент негізінде, бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлары арқылы тілі мен ақыл-ой қабілетін дамытудың әдістемесін ұсынуды жоспарлап отырмыз.

Отандық педагогиканы дамытудың бір бағыты ретінде оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын қалыптастырудағы зерттеу жұмысымыздың нәтижесі мынадай ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді:

- Оқушылардың тіл меңгеру және ойлау дағдыларын қалыптастыруға тәжірибелік жұмыстар жүргізу қажет;
- Пәндердің мазмұны бойынша тіл меңгеру және ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін тест жұмысын жүргізу керек;
- Тіл меңгеру және ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін арнайы тапсырмалар құрастыру қажет. Оқушылардың өз беттерінше жасаған ой-амалдарын дұрыс-бұрыстығын тексерту, оқушыларды бір мәселенің өзін түрлі жолдармен шешуге үнемі бағыттап отыру (тапқыштық пен зеректік), ойлануды қажет ететін мысалдар құрастыру, есептер шығарту, шығармалар жаздыру – бала ойлауын тәрбиелеудің тиімді жолы.

Қорытындылай келе, логикалық ойлау нақты сабақтың құрылымында жат болмауы керек, бірақ оны қалыптастыру үшін оқу материалының пәндік мазмұнын белсенді түрде тарту қажет. Бастауыш мектеп оқушыларының логикалық ойлауы мен білімдік-логикалық дағдыларын қалыптастыруды мектептен тыс жұмыстарда жалғастыру қажет. Мәселен, сыныптан тыс іс-шаралар - үйірмелер, логика бұрышы, қабырға газеті, арнайы апталықтар мен ертеңгіліктер. Мұндай сабақтардың мазмұнына қазақ тілі, жаратылыстану ғылымдары, сондай-ақ оқушылардың күнделікті өмірінен алынған эмпирикалық материалдар (ойындар, сүйікті ісі) кіруі керек. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамып, жаңашыл идеяларға көңіл көкжиегін ашу керек. Сонда ғана оқушы белгілі бір дағдыларды игеріп, оны өзінің өмірлік қажеттігіне жұмсайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Микеладзе З.Н. (1978) Основоположения логики Аристотеля. Вступ. статья. Аристотель. Сочинения в четырех томах. Том 2. М.: Мысль. – 687 с.
2. Тұрғанбаев Ә. (2004) Логика. Алматы: «Білім». - 136 б.
3. Оспанов Т.Қ., Құрманалина Ш.Қ., Құрманалина С.Қ. (2015) Математикалық теорияның негіздері.
4. Жапбаров А. (2015) Қазақ тілін дамыта оқытудың тәжірибелік әдістері: логикалық амал-тәсілдер. Шымкент.
5. Оразақынова Н. (2001) Сөз құрамын, лексика грамматикалық мағынасын сатылай комплексті талдау.
6. Рахымбек Д.К. (1998) Болашақ математика мұғалімін оқушылардың логико-методологиялық білімдерін жетілдіру жұмысына дайындаудың ғылыми-әдістемелік негіздері пед. ғыл. канд. ...дис. : 13.00.02. Шымкент. - 336 с.

7. Datsogianni A., Sodian B., Markovits H., Ufer S. (2020) Reasoning With Conditionals About Everyday and Mathematical Concepts in Primary School, *Frontiers in Psychology*, 11, 531640 <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC7658316/>
8. Bakhyt S., Kalimbetov B., Khabibullayev Z. (2018) Possibilities of mathematical problems in logical thinking. Development of secondary education pupils. *Opcion*. 34(85-2), 441-457. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/23803>
9. Жапбаров А. (2011) Оқушылардың тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы: Арыс.
10. Әлімов А.Қ. (2013) Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Алматы. – 448 б.
11. Гальперин П.Я. (1985) Методика обучения и умственное развитие ребенка. Москва: Издательство МГУ. 1985. – 45 с.
12. Фридман Л.М. (1977) Логико-психологический анализ школьных учебных задач. Москва: Педагогика. - 208 с.
13. Hudson B., Henderson S., Hudson A. (2015) Developing mathematical thinking in the primary classroom: liberating students and teachers as learners of mathematics. *Journal of Curriculum Studies*. Vol. 47 No3: 374-398. DOI: 10.1080/00220272.2014.979233.
14. Henderson S., Rodrigues S. (2008) Scottish student primary teachers' levels of mathematics competence and confidence for teaching mathematics: Some implications for national qualifications and initial teacher education. *Journal of Education for Teaching*. Vol. 34. pp. 93–107.
15. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. (2018) «Қазақ тілі» жалпы білім беретін мектептің 3-сынып оқушыларына арналған оқулық. А.: «Атамұра».
16. Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж., Лихобабенко Т.В. (2018) «Математика» жалпы білім беретін мектептің 3-сынып оқушыларына арналған оқулық. А.: «Алматыкітап».
17. Андриянова Т.А., Беркало В.Н., Жакупова Н.Ш., Кузнецова С.Н., Полежаева А.В. (2018) «Жаратылыстану» жалпы білім беретін мектептің 3-сынып оқушыларына арналған оқулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ.
18. Сыздықова Р. (1995) Сөз сазы. Алматы.: Санат.- 120 б.
19. Маланюк К.П., Маланюк М.П. (1979) О формировании логической грамотности школьников. Советская педагогика. №7
20. Никольская И.Л. (1974) О единой линии воспитания логической грамотности при обучении математике // Преемственность в обучении математике. М.: Просвещение.

References

1. Mikeladze Z.N. (1978) Osnovopolozheniya logiki Aristotelya. Vstup. statya. Aristotel. Sochineniya v chetyrekh tomakh. Tom 2. [The foundations of Aristotle's logic. Introduction. article. Aristotle. Essays in four volumes. Volume 2]. М.: Mysl. – 687 s. [in Russian]
2. Turganbaev A. (2004) Logika. [Logics]. Almaty: «Bilim». - 136 b. [in Kazakh]
3. Ospanov T.K., Kurmanalina Sh.K., Kurmanalina S.K. (2015) Matematikalyk teoriyanyn negizderi. [Fundamentals of mathematical theory]. [in Kazakh]
4. Zhapbarov A. (2015) Kazak tilin damyta okutudyn tazhiribelik adisteri: logikalyk amal-tasilder. [Practical methods of developing teaching of the Kazakh language: logical approaches]. Shymkent. [in Kazakh]
5. Orazakhynova N. (2001) Soz kuramyn, leksika grammatikalyk magynasyn satylaj kompleksti taldaу. [Step-by-step complex analysis of word composition, grammatical meaning of vocabulary]. [in Kazakh]
6. Rakhymbek D.K. (1998) Bolashak matematika mugalimin okushylardyn logiko-metodologiyalyk bilimderin zhetildiru zhumysyna dajyndaudyn gylimi-adistemelik negizderi ped. gyl. kand. ...dis. : 13.00.02. [Scientific and methodological foundations of preparing a future mathematics teacher for work on improving students' logical and methodological knowledge. Dissertation... Cand. Sci. (Pedagogy): 13.00.02.]]Shymkent. - 336 c. [in Kazakh]
7. Datsogianni A., Sodian B., Markovits H., Ufer S. (2020) Reasoning With Conditionals About Everyday and Mathematical Concepts in Primary School. *Frontiers in Psychology*, 11,531640 <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC7658316/>
8. Bakhyt S., Kalimbetov B., Khabibullayev Z. (2018) Possibilities of mathematical problems in logical thinking. Development of secondary education pupils. *Opcion*. 34(85-2), 441-457. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/23803>
9. Zhapbarov A. (2011) Okushylardyn tilin damyta okytudyn gylimi-adistemelik negizderi. [Scientific and methodological bases of language development of students]. Almaty: Arys. [in Kazakh]
10. Alimov A.K. (2013) Interbelsendi adistemeni ZhOO-da koldanu maseleleri. [Problems of applying the interactive methodology in universities]. Almaty. – 448 b. [in Kazakh]
11. Galperin P.Ya. (1985) Metodika obucheniya i umstvennoe razvitie rebenka. [Teaching methods and mental development of the child]. Moskva: Izdatelstvo MGU. 1985. – 45 s. [in Russian]

12. Fridman L.M. (1977) Logiko-psikhologicheskij analiz shkolnykh uchebnykh zadach. [Logical and psychological analysis of school educational tasks]. Moskva: Pedagogika. - 208 s. [in Russian]
13. Hudson B., Henderson S., Hudson A. (2015) Developing mathematical thinking in the primary classroom: liberating students and teachers as learners of mathematics. *Journal of Curriculum Studies*. Vol. 47 No3: 374-398. DOI: 10.1080/00220272.2014.979233.
14. Henderson S., Rodrigues S. (2008) Scottish student primary teachers' levels of mathematics competence and confidence for teaching mathematics: Some implications for national qualifications and initial teacher education. *Journal of Education for Teaching*. Vol. 34. pp. 93-107.
15. Zhumabaeva A.E., Uajsova G.I., Saduakas G.T. (2018) «Kazak tili» zhalpy bilim beretin mekteptin 3-synyp okushylaryna arnalgan okulyk. [Textbook for students of the 3rd grade of general education school "Kazakh language"]. A.: «Atamura». [in Kazakh]
16. Akpaeva A.B., Lebedeva L.A., Munzhasarova M.Zh., Likhobabenko T.V. (2018) «Matematika» zhalpy bilim beretin mekteptin 3-synyp okushylaryna arnalgan okulyk. [Textbook for students of the 3rd grade of General Education School "Mathematics"]. A.: «Almaty kitap».
17. Andriyanova T.A., Berkalo V.N., Zhakupova N.Sh., Kuzneczova S.N., Polezhaeva A.V. (2018) «Zharatylystanu» zhalpy bilim beretin mekteptin 3-synyp okushylaryna arnalgan okulyk. «Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri» DBBU. [Textbook for students of the 3rd grade of general education school "Natural Science". AEO "Nazarbayev Intellectual Schools"]. [in Kazakh]
18. Syzdykova R. (1995) Soz sazy. [Word music]. Almaty: Sanat. - 120 b. [in Kazakh]
19. Malanyuk K.P., Malanyuk M.P. (1979) O formirovanii logicheskoy gramotnosti shkol'nikov. Sovetskaya pedagogika. [On the formation of logical literacy of schoolchildren. Soviet pedagogy]. #7 [in Russian]
20. Nikol'skaya I.L. (1974) O edinoj linii vospitaniya logicheskoy gramotnosti pri obuchenii matematike // Preemstvennost' v obuchenii matematike. [About a single line of education of logical literacy in teaching mathematics // Continuity in teaching mathematics]. M.: Prosveshchenie. [in Russian].

Формирование навыков логического мышления и речи учеников начальных классов

Ш.Ш. Онтуганов *, А. Жапбаров

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, г. Шымкент, Казахстан

e-mail*: shynara_777_777@mail.ru

Только при логически правильном мышлении и понимании мы различаем причинно-следственные связи, зависимость друг от друга, происхождение и путь развития окружающих нас вещей. Процесс логически правильного мышления расширяет возможности ученика относиться к своим предположениям скептически и критически, тем самым углубляя и расширяя свое понимание мира, существования и бытия. Логический процесс - результат научного познания мира, запоминания предметов и явлений внешнего мира в человеческом мозге, рассмотрения правильных форм и законов, правил этого образа. Логические методы мышления не могут формироваться самостоятельно со дня прихода детей в школу, для этого учитель должен заложить основы логических знаний и умений. Необходимо проработать материал, описывая каждое действие с учетом возрастных возможностей детей, отсюда использование большого количества логических задач в обучении является важным фактором качественного обучения. А усвоение логических приемов, форм мышления, понятий, суждений учащимся начальной школы по умозаключениям предусмотрено программой начальной школы. В данной статье рассматриваются педагогические предпосылки для выполнения системы заданий по основным предметам начальной школы как способ формирования навыков логического мышления младших школьников, навыки и средства практического изучения логических понятий.

Ключевые слова: логические операции, языковое развитие, мышление, понимание, видение.

Formation of logical thinking and speech skills of elementary class students

Shynar Sh. Ontuganova *, Amangeldy Zhapbarov

South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

e-mail*: shynara_777_777@mail.ru

Only with logically correct thinking and understanding, we distinguish between cause-and-effect relationships, dependence on each other, the origin and path of development of things around us. The process of logically correct thinking expands the student's ability to treat his assumptions skeptically and critically, thereby deepening and expanding his understanding of the world, existence and being. The logical process is the result of scientific knowledge of the world, memorization of objects and phenomena of the external world in the human brain, consideration of the correct forms and laws, rules of this image. Logical methods of thinking cannot be formed independently from the day

children come to school, for this the teacher must lay the foundations of logical knowledge and skills. It is necessary to work out the material, describing each action taking into account the age capabilities of children, hence the use of a large number of logical tasks in teaching is an important factor in quality learning. And the assimilation of logical techniques, forms of thinking, concepts, judgments to primary school students by conclusions is provided by the primary school program. This article discusses the pedagogical prerequisites for performing a system of tasks in the main subjects of primary school as a way of forming logical thinking skills of younger schoolchildren, skills and means of practical study of logical concepts.

Keywords: *logical operations, language development, thinking, understanding, vision.*

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Онтуганова Шынар Шералиевна, 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 3 курс докторанты, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ, Қазақстан, e-mail: shynara_777_777@mail.ru

Жапбаров Амангелді, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Шымкент, Қазақстан, e-mail: azhapbarov@mail.ru

ИНФОРМАЦИЯ ОБ АВТОРАХ

Онтуганова Шынар Шералиевна, докторант 3-курса специальности 6D010200 –Педагогика и методика начального обучения, Гуманитарно-педагогический факультет, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, г. Шымкент, Казахстан, e-mail: shynara_777_777@mail.ru

Жапбаров Амангельды – доктор педагогических наук, профессор, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, г. Шымкент, Казахстан, e-mail: azhapbarov@mail.ru

INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

Shynar Sh. Ontuganova, doctoral student of the specialty 6D010200 – Pedagogy and methodology of primary education, Faculty of Humanities and Pedagogy, South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: shynara_777_777@mail.ru

Amangeldy Zhapbarov, doctor of pedagogical sciences, Professor of the South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: azhapbarov@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Received 02.02.2021

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted 15.06.2021